

«КЕЛІСЕМІН»

Қостанай қаласы әкімдігінің
Мәдениет және тілдерді дамыту
бөлімі» ММ басшысы

С.Әзімжанова

2026ж.



«БЕКІТЕМІН»

«Қостанай қаласы әкімдігінің
мәдениет және тілдерді
дамыту бөлімінің «Мирас»
қалалық мәдениет сарайы»
МКҚК директорының міндетін
атқарушы

Н. Краснощекова

2026ж.



ЕРЕЖЕ

«ТОБЫЛ ТОЛҚЫНЫ»

IV қалалық командалық ашық байқау-фестивалі

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.

«Тобыл толқыны» ашық қалалық командалық байқау-фестивалі (бұдан әрі-байқау) «Мирас» қазақ халық аспаптар ансамбілінің 35 жылдығы мен Республика күніне орай облыстық байқау өткізілуде. Байқауды Қостанай қаласы әкімдігінің қолдауымен «Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Мирас» қалалық мәдениет сарайы» МКҚК өткізеді. Байқауды дайындау және өткізуге байланысты ұйымдастыру мәселелерін ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

2. БАЙҚАУҒА ҚАТЫСУШЫЛАР.

Байқауға Қостанай қаласы және Қостанай облысының басқа өңірлерінен жас шектеулері жоқ фольклорлық ансамбльдер, домбырашы, әнші қатысады.

Міндетті шарт – ансамбль мен аспаптық солистерге арналған ұлттық киімдердің болуы.

3. БАЙҚАУ ШАРТТАРЫ

Байқау 2026 жылдың 25 қазанында Қостанай қаласының «Мирас» қалалық мәдениет сарайында өткізіледі. Өтініштер 2026 жылдың 20 қазанына дейін «Қостанай қаласы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Мирас» қалалық мәдениет сарайы» МКҚК электрондық мекенжайына нысан (қосымша) бойынша қабылданады: Miras01092019@mail.ru (хаттың тақырыбында байқаудың атауын көрсетуді ұмытпаңыз.) Байқаудың үйлестірушісі Санай Дархенбай, байланыс телефондары: 8-702-941-28-50.

Байқау үш бағытта өткізіледі:

1. Абай Әмірханов атындағы Қазақ халық аспаптары ансамбльдерінің байқауы;
2. Назымбек Молдахметов атындағы домбырашылар байқауы;
3. Қалибек Дерипсалдин атындағы ән орындаушылар байқауы.

Әр командада (1 күйші, 1 әнші) болуы шарт, командалар өз тандауы бойынша шығармалар орындайды.

Ансамбльдер — (2 шығарма), күйшілер — (1 төкпе, 1 шертпе), . Солист-вокалистер Қостанай облысының композиторларының 1 туындысын орындайды. Әндер тек ансамбльдің сүйемелдеуімен орындалады. (шығармалар жатқа орындалады).

4. БАЙҚАУ ҚАЗЫЛАР АЛҚАСЫ ЖӘНЕ МАРАПАТТАУ.

Байқау қазылар алқасының құрамында Қазақстанның музыкалық өнеріне шақырылған белгілі еңбек сіңірген қайраткерлері бар. Қазылар алқасы қатысушылардың өнерін ашық дауыс беру арқылы бағалайды. Қазылар алқасының шешімі талқыланбайды және шағымдануға жатпайды. Бағалау парақтары беруге жатпайды. Барлық хаттамалар Ұйымдастыру комитетіне жіберіледі. Команданың орындаушылары жалпылама бағаланады. (ансамбль, күйші, әнші)

Бағалау критерийлері:

- сахна мәдениеті;
- орындаушылық шеберлік;
- әуенділік, көркем образды ашу;
- әртістік.

Байқау қорытындысы бойынша барлық қатысушылар сертификаттармен, ал әр бағыт бойынша жеңімпаздар мен жүлдегерлер диплом және ақшалай сыйлықтармен марапатталады:

Командалық

I орын 500 000 теңге;

II орын - 300 000 теңге;

III орын - 150 000 теңге;

Қалған командаларға қатысқаны үшін алғыс хаттармен қаржылай сыйлық.

Қазылар алқасы қосымша номинациялар мен марапаттар тағайындауға құқылы, лайықты үміткерлер болмаған жағдайда қазылар алқасы жүлделі орындарды бермеу құқығына ие.

5. ҚАРЖЫЛАНДЫРУ.

Байқауға қатысуға арналған шығыстарды қаржыландыру (жол шығындары, тамақтану, тұру) қатысушылар немесе жіберуші тарап есебінен жүзеге асырылады.

Байқау өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыру, шақырылған қазылар алқасының мүшелерінің, жүлде қорының ақысын төлеу ұйымдастырушылардың есебінен жүзеге асырылады

ҚОСЫМША

«Тобыл ТОЛҚЫНЫ» командалық ашық IV қалалық байқау-фестиваліне
қатысуға
ӨТІНІШ

Қатысушының аты-жөні:

Орындалатын шығарма(авторы):

Қатысушы туралы қысқаша мінездемесі мен шығармашылық жолындағы жеткен жетістіктері:

Мекен-жайы:

Байланыс тел:

жетекшісі: